**КМҚК «№140 бөбекжай-балабақша»**
**тамақтану сапасы мониторингі жөніндегі комиссияның отырысының**
**Хаттамасы №11**

**«28» қараша 2024 жыл**

**Қатысқандар:**

Комиссия төрайымы балабақша басшысы: Мухаметрахимова Ш.А.
Әдіскер – Сатпаева Д.К.
Кәсіподақ төрайымы – Масакбаева Б.Р.
Балабақша медбикесі, диетбекесі – Есжанова М.С.
Ата-аналар комитетінің мүшесі – Мейрбекова К.С.
Қоймашы – Бердибаева М.Д.

**Күн тәртібінде:**

1.Ас блогы қызметкерлерінің жеке басы гигиенасы тазалығын сақтауларын тексеру.
2.Балабақшада азық-түліктің сапалы түрлерін қолдану, тамақ дайындау технологиясын қадағалау.

**Тыңдалды:**

1.Балабақша басшысы Ш.А. Мухаметрахимова бірінші қаралатын күн тәртібі бойынша сөз алды. Ас блогы қызметкерлеріне сыртқы киімдерін сақтайтын жеке шкафтар көзделгенін, барлық сыртқы киімдері және бас, аяқ киімі жабық жеке шкафтарда сақталатындығын, оған жағдай жасалғанын айтып өтті. Жұмыстың алдында медбике ас блогы қызметкерлерінің денсаулығын, дене қызуын, денелері мен қолдарында тері ауруларының бар-жоғын тексеріп шығады және арнайы журналға енгізіледі. 2024 жылы қараша айында №140 бөбекжай-балабақша тамақтану сапасы санитарлық-эпидемиологиялық талаптарға сәйкестігі анықталды. Балабақшада тамақтануды ұйымдастыруды үнемі әкімшілік пен медбике, диетбике бақылап отырады. Азық-түліктің, шикі заттардың сапасына үнемі бақылауда. Қабылданатын өнімдердің сапасы, санитарлық жағдайы жоғары деңгейде екенін атап өтті.

2.Балабақшада азық-түліктің сапалы түрлерін қолдану, тамақ дайындау технологиясын тексеру жөнінде балабақша диетбикесі Есжанова Маржан Сүндетбаевна тыңдалды. Балабақшаға жаңадан қабылданған азық-түлік шикі тағамдарды қоймашы мен аспазшы бірге қабылдап алады. Қабылдау кезінде сапасы төмен, сертификаттары жоқ азық-түліктердің әкелуіне жол берілмейді. Жоғары сапалы азық-түліктер қабылданады. Қоймада, ас бөлмедегі тоңазытқыштарда, мұздатқыштарда тамақ сақтаудың температуралық және ылғалдылық жағдайына сәйкестігі, азық-түліктердің сақталуы талапқа сай сақталған.

**Шешімі:**

1.Ас блогы қызметкерлерінің жеке басы гигиенасы тазалығын сақталуы қанағаттанарлық.
2.Балабақшада азық-түліктің сапалы түрлерін қолдану, тамақ дайындау технологиясын қадағалау үнемі жүргізілсін.

Комиссия төрайымы балабақша басшысы: Мухаметрахимова Ш.А.
Комиссия мүшелері:
Балабақша әдіскері - Сатпаева Д.К..
Кәсіподақ төрайымы – Масакбаева Б.Р.
Балабақша медбикесі, диетбекесі – Есжанова М.С.
Ата-аналар комитетінің мүшесі – Мейрбекова К.С.